

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 29  
ақпанындағы № 91 бүйрығы Мемлекеттік сатып алу алдын ала біліктілік  
іріктеуі арқылы конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың,  
жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту және  
«Мемлекеттік сатып алу саласында тізлімдерді қалыптастырудың және  
жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694  
бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 31-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сатып алу алдын ала біліктілік іріктеуі арқылы конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. «Мемлекеттік сатып алу саласында тізлімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 12618 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 6 қантарда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізлімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік сатып алу саласында бірыңғай республикалық тізлімдер (бұдан әрі – тізлімдер) мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) тапсырыс берушілердің тізлімі;
- 2) мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізлімі;
- 3) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылардың тізлімі;
- 4) білікті әлеуетті өнім берушілердің тізлімі.»;

мынадай мазмұндағы 6-тараумен және 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68 және 69-тармақтармен толықтырылсын:

«6. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізлімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі

31. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізлімінде Занда және осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен біліктілік іріктеуінен өткен өнім берушілердің тізлімін қамтуға тиіс.

32. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізлімін жүргізу осы Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

33. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізліміне мәліметтер енгізу кезінде мыналар көрсетіледі:

1) Заңның 31-бабының 1-тармағында көзделген Мемлекеттік сатып алу алдын ала біліктілік іріктеуі арқылы конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес әлеуетті өнім берушінің қызмет саласы;

2) білікті әлеуетті өнім беруші туралы ақпарат:

әлеуетті өнім берушінің атауы;

әлеуетті өнім берушінің елі;

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін – бизнес сәйкестендіру номірі (БСН) (занды тұлға үшін), жеке сәйкестендіру номірі (ЖСН) (жеке тұлға үшін);

Ресей Федерациясының резиденттері үшін – салық төлеушінің сәйкестендіру номірі (СТС) (занды тұлға үшін), дара жеке шоттың сақтандыру номірі (ДЖШСН) (жеке тұлға үшін);

Беларусь Республикасы резиденттері үшін – төлеушінің есепке алу номірі (ТЕН) (занды тұлға үшін);

3) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтер:

тиісті қызмет саласындағы тәжірибесі туралы мәліметтер (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы, уақыт кезеңі (тауарды жеткізу күні, қызметтер көрсетілетін жыл мен ай, жұмыстар аяқталатын жыл мен ай, шарт сомасы);

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес берілген ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің стандарттарына сәйкестікті раставтын (ұлттық немесе үкіметтік емес стандарттарға сәйкестігін, сапа менеджменті жүйесінің ұлттық стандарттарға сәйкестігін, экологиялық менеджмент жүйесінің ұлттық стандарттарға сәйкестігін, ұсынылатын тауарлардың экологиялық таза өнім стандарттарына сәйкестігін еркіті раставу туралы мәліметтер.

34. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізілімін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық қосіпкерлер палатасының, өзге де коммерциялық емес ұйымдардың және тиісті қызмет саласындағы уәкілетті (салалық) орган өкілдерінің қатысуымен қалыптастырылады.

35. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізілімі Тізбеке сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бөлінісінде қалыптастырылады.

36. Біліктілік іріктеуде қатысатын әлеуетті өнім берушілерге Заңның 9-бабында белгіленген біліктілік талаптардан басқа Тізбеке көзделген біліктілік талаптары қойылады.

37. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізілімін қалыптастыру тәртібінде мынадай дәйекті іс-шаралардың орындалуы көзделеді:

1) білікті әлеуетті өнім берушілерді іріктеу жөніндегі біліктілік комиссиясының құрамын (бұдан әрі – Комиссия), Комиссияның хатшысын қалыптастыру және бекіту;

2) біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушың бірінші кезеңінде қатысуға әлеуетті өнім берушілердің веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында берілетін өтінім (бұдан әрі – өтінім) ұсынуы;

3) өтінімдерді веб- порталда автоматты түрде тіркеу;

4) білікті іріктеу ресімдерін жүзеге асыруға веб- портал арқылы Комиссия мүшелерінің атына уәкілетті органның хабарлама жіберуі;

5) өтінімдерді ашу және тиісті ашу хаттамасын веб- порталда орналастыруы;

6) Комиссияның өтінімдерді мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулердің болуы түрғысынан қарауы;

7) Комиссияның өтінімдерді қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі түрғысынан қарауы;

8) біліктілік комиссиясының, олардың сәйкес келмеу себептерін және жетіспейтін құжаттар туралы ақпаратты не мәліметтерді толық сипаттай отырып, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындауы;

9) біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындауы;

10) біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді білікті әлеуетті өнім берушілердің тізілімі енгізу.

38. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енгізуге өтінімдерді қабылдау тоқсан сайын тоқсанның бірінші айы ішінде жүзеге асырылады.

39. Осы Қағидалардың 38-тармағында белгіленген мерзім өткен соң ұсынылған өтінімдер тіркелмейді.

40. Комиссия өтінімдерді (олар бар болса) әр тоқсанның екінші, үшінші айларының ішінде қарайды.

41. Өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім берушілердің қажет болған кезде өтінімдеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне немесе оны кері қайтарып алуына рұқсат етіледі.

42. Өтінім әлеуетті өнім берушінің ол туралы біліктілік талаптарына және Заңның 6-бабының 1-тармағы 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

43. Өтінім мыналарды:

1) мынадай:

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өндіреуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар, дипломдар, басқа да құжаттардың;

өтінімдерді қабылдау басталған күнінен кейін берілген, әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі бар әлеуетті берушінің осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) «Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, осындай анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылмауы) анықтаманың;

өтінімдерді қабылдау басталған күннен кейін алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтердің;

осы Қағидаларға 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтердің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын электрондық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмесін не электрондық құжаттарды;

2) Тізбеде көзделген біліктілік талаптарын растайтын құжаттарды;

3) Заңның 21-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген конкурстық баға ұсынысына ықпал ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттарды (бар болса) қамтиді.

44. Егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, оның біліктілік талаптарға сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріне аудармасымен Қазақстан Республикасының бей резиденті әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады. Бұл ретте құжат құжаттың электрондық көшірмесі нысанында ұсынылады.

45. Өтінім:

1) ағымдағы тоқсанда әлеуетті өнім беруші алдында өтінім ұсынған;

2) өтінім веб-порталда өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін түскен;

3) Заңның 6-бабы 1-тармағының 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көзделген шектеулер болған жағдайларда веб- порталдың автоматты түрде қабылдамауына жатады.

46. Комиссияның құрамын қалыптастыру үшін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, өзге коммерциялық емес ұйымдарға және тиісті қызмет саласындағы уәкілетті (салалық) органға Комиссия құрамына кандидатуралар беру туралы сұрау салу жібереді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, өзге коммерциялық емес ұйымдар, тиісті қызмет саласындағы уәкілетті (салалық)

орган сұрау салуды алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді көрсете отырып, Комиссияның құрамына кандидатураларды жібереді.

47. Комиссияны құру туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

48. Комиссияның тәрағасы мен басқа да мүшелері Комиссияның мүшелері болып табылады. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды, бірақ кемінде жеті адамды құрайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен өзге коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінің жалпы саны кемінде екі адамды құрайды.

49. Комиссияның тәрағасы болып уәкілетті орган айқындаған лауазымды адам шығады.

Комиссия тәрағасы:

- 1) Комиссияның хатшысын айқындайды;
- 2) Комиссияның қызметін басқарады;
- 3) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

50. Комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді.

51. Комиссияның шешімі веб-портал пайдаланыла отырып, дауыс берумен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санынан көп дауыс берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссияның тәрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

52. Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы Комиссияның кез келген мүшесі құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб- порталда орналастырылатын ерекше пікір ұсынады.

53. Комиссияның тиісті хаттамаларында Комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда Комиссияның хатшысы веб- порталда қолдың болмауы себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты орналастырады.

54. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін уәкілетті органның лауазымды адамдары санынан тағайындалатын хатшысы қамтамасыз етеді. Комиссияның хатшысы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.

55. Комиссияның хатшысы:

- 1) веб- портал арқылы Комиссияның мүшелеріне хабарлама жібереді;
- 2) веб- порталда біліктілік іріктеу хаттамасын, сондай-ақ бар болса, басқа да құжаттарды орналастырады;
- 3) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

56. Өтінімдерді ашу біліктілік іріктеуге қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін келесі күні автоматты түрде веб- порталмен жүргізіледі.

57. Өтінімдерді ашу хаттамасы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес ашу күні автоматты түрде веб- порталмен орналастырылады. Бұл ретте веб- портал Комиссия мүшелеріне, Комиссияның хатшысына, өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге автоматты хабарламалар таратады.

58. Комиссия осы Қағидалармен белгіленген мерзімде өтінімді қарайды және білікті әлеуettі өнім берушілер тізіліміне әлеуettі өнім берушілерді енгізу туралы шешім қабылдайды.

Қажет болған жағдайда, Комиссия тәрағасының шешімі бойынша өтінімді қарау мерзімі ұзартылады, бірақ бір ай аспайтын мерзімге ұзартылады.

59. Комиссия өтінімді ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, онда оны біліктілік талаптарына жауап беруші ретінде қарайды.

#### 60. Комиссия:

1) Өтінімді құжаттардың толықтығы және тиісінше ресімделуі тұрғысынан қарайды;

2) толық емес құжаттар тізбесін ұсынған және (немесе) тиісінше ресімделмеген құжаттарды ұсынған әлеуettі өнім берушілерді айқындайды;

3) өтінімдердегі мәліметтерді нақтылау мақсатында Комиссия жазбаша нысанда тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және занды тұлғалардан қажетті ақпарат сұратады. Өтінімді осы Қағидалардың 43-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге байланысты сұрау салуларға және Комиссияның өзге әрекеттеріне жол берілмейді;

4) Біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуettі өнім берушілерді айқындайды және оларды білікті әлеуettі өнім берушілер тізіліміне енгізу туралы шешім қабылдайды.

61. Әлеуettі өнім беруші білікті әлеуettі өнім берушілердің тізіліміне енгізілмейді, егер:

1) ол біліктілік талаптарына мынадай негіздер бойынша сәйкес келмейді деп анықталса:

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жолданған), мемлекеттік органдардың ақпараттар жүйесінде расталатын мәліметтердің электрондық көшірмелерін не электрондық түрдегі рұқсаттарды (хабарламаларды) ұсынбауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттар жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуettі өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жолданған) тиісті рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалдық куәландырылған көшірмелерін ұсынады;

әлеуettі өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өндеуге, жеткізуге және сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынбауы;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтінімдерді қабылдау басталған күнінен кейін берілген әлеуettі өнім берушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар, (Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2011 жылы 28 ақпанда № 6793 тіркелген) «Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қантардағы № 3 қаулысына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша әлеуетті өнім берушінің анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы анықтаманың электрондық көшірмесін ұсынбауы (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады);

банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасында осындай анықтаманы беру күннің алдындағы үш айдан астам созылатын әлеуетті өнім берушінің міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы;

өтінімдерді қабылдау басталған күнінен кейін алынған, салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ұсынбауы;

тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің бар екендігі туралы ақпараттың болуы;

осы Қағидаларға 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы;

әлеуетті өнім берушінің Тізбеде көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынбауы;

әлеуетті өнім берушінің Тізбеде көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісі анықталса;

2) банкроттық не тарату рәсіміне жатса;

3) Заңның 6-бабының 1-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларының талаптарын бұзса.

62. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне дәйексіз ақпарат беру негізінде енгізілген әлеуетті өнім берушілер осындай факті анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесінен шығарылуға жатады.

Әлеуетті өнім берушімен дәйексіз ақпаратты беру фактісі іріктеудің кезкелген сатысында Комиссия, немесе мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастыруышы, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдары белгілейді.

Білікті әлеуettі өнім берушілердің тізбесіне дәйексіз ақпарат беру негізінде енгізілген әлеуettі өнім берушілердің дәйексіз ақпаратты беру фактісін анықтаған тұлғалар осындай факті анықтаған күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірмей уәкілетті органға хабарлайды.

63. Біліктілік іріктеу хаттамасы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес ресімделеді және Комиссияның мүшелерімен қол қойылған күнде өтінім берген барлық әлеуettі өнім берушілерге электрондық пошта бойынша автоматты хабарлама жібере отырып Комиссия хатшысымен орналастырылады.

64. Егер әлеуettі өнім беруші білікті әлеуettі өнім берушілердің тізбесіне енгізілмеген жағдайда, онда біліктілік іріктеу хаттамасында нақты себептер және өтінімнен бас тарту негіздері көрсетіледі.

65. Комиссияның білікті әлеуettі өнім берушілер тізіліміне енгізу (енгізбеу) туралы шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

66. Біліктілік іріктеуінен өткен өнім берушілер туралы мәлімттер білікті әлеуettі өнім берушілер тізіліміне веб-порталмен автоматты түрде біліктілік іріктеу хаттамасында көрсетілген мәлімттер негізінде енгізіледі.

67. Әлеуettі өнім берушілердің білікті әлеуettі өнім берушілер тізілімінде болу мерзімі ол білікті әлеуettі өнім берушілер тізіліміне енгізілген күннен бастап он екі айды құрайды.

68. Білікті әлеуettі өнім берушілер тізіліміне енгізілген әлеуettі өнім берушілер білікті әлеуettі өнім берушілер тізілімінде болу кезеңінің үздіксіздігі мақсатында өтінімді оны аталған тізілімге енгізген күннен бастап тоғыз айы өткеннен кейін беруге құқылы.

69. Әлеуettі өнім берушілер білікті әлеуettі өнім берушілер тізілімінен:

1) осы Қағидалардың 67-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін;

2) әлеуettі өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылар тізіліміне енген;

3) Заңның 6-бабы 1-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), және 10) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуларға қатысуына байланысты шектеулер болған жағдайларда автоматты түрде алып тасталады.»;

осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаменті (С.М. Ахметов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеғеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру

үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі**

**Б. Сұлтанов**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы « » №  
бұйрығымен бекітілген

**Мемлекеттік сатып алу алдын ала біліктілік іріктеуі арқылы конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі**

p/c №	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Әлеуеттік өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары	Ескертпе	Нормативтік құқықтық акт
1	Жауапкершілігі күштейтілген - бірінші деңгейдегі ғимараттар мен құрылыштарды салу	Қажетті еңбек ресурстарының (аттестатталған инженер-техник қызметкерлердің аталған қызмет түрлерін жүзеге асыратын басқада ұйымдарда жұмысты қоса атқаруына жол берілмейді	Құрылыш процесіне қатысушы аттестатталған инженер-техник қызметкерлердің аталған қызмет түрлерін жүзеге асыратын басқада ұйымдарда жұмысты қоса атқаруына жол берілмейді	«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 32-бабына сәйкес
		Жеткілікті салықтық жүктеме	Әлеуетті өнім берушінің салықтық жүктеме коэффициенті (бұдан әрі - СЖК) алдынғы қаржы жылы үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 691 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12618	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 691 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12618

		<p>мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12618 болып тіркелген) Салық төлеушінің салықтық жүктемесі коэффицентін есептеу қағидаларына сәйкес есептелген салықтық жүктеме коэффицентінің орташа салалық мәнінен төмен болмауы тиіс.</p> <p>Егер біліктілік іріктеуіне қатысуға арналған өтінім ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында ұсынылса, онда СЖК алдынғы қаржы жылына алдынғы қаржы жылы үшін есептеледі.</p>	<p>болып тіркелген) Салық төлеушінің салықтық жүктемесі коэффицентін есептеу қағидаларына сәйкес</p>
	Меншікті капиталдың болуы	<p>Барлық міндеттемелерді шегергеннен кейін қалатын жеке кәсіпкер немесе ұйым активтеріндегі үлес ретінде айқындалады.</p>	<p>«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңының 13-бабына сәйкес</p>
	Соңғы бес жылда өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы уәкілдегі органның шешімі мен	<p>Мемлекеттік сатып алудың веб-порталында автоматты түрде айқындалады</p>	

	сот шешімдерінің болмауы		
	Оң жұмыс тәжірибесі кем дегенде бес жыл	Құрылыштың өткізілген объектілері бойынша (әр бір жыл үшін) пайдаланушы тұлғалардан және/немесе тапсырыс берушілерден оң пікірді ұсыну қажет	

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы « » №  
бүйрекіне  
1-қосымша

«Мемлекеттік сатып алу саласында  
тізлімдерді қалыптастырудың және  
жүргізуіндегі кагидаларына  
6-қосымша

нысан

**Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізлімі**

(Мемлекеттік сатып алу алдын ала біліктілік іріктеуі арқылы конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесіне  
сәйкес қызмет саласы)

Білікті әлеуетті өнім беруші туралы ақпарат			Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттары туралы мәліметтер		
			Тиісті қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер		
Әлеуетті өнім берушінің атауы	Әлеуетті өнім берушінің елі	БСН, ЖСН (РФ – үшін СТС, ДЖШСН, БР үшін – ТЕН)	Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы	Уақытша кезеңі (тауарды жеткізген күні, қызметті көрсеткен жылды және айы, жұмысты аяқтау жылды, айы)	Шарттың сомасы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттары туралы мәліметтер				Тізлімге енгізу және алып тастау күні
Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес берілген ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің стандарттарына сәйкестікті растайтын құжаттар туралы мәліметтер				
ұлттық немесе үкіметтік емес стандарттарына ерікті түрде ұсынылатын тауарлар туралы	сапа менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігі	экологиялық менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігі	ұсынылған тауарлардың экологиялық таза өнім стандарттарына сәйкестігі	
7	8	9	10	11
				»

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2016 жылғы «  
 бүйрекіна  
 2-қосымша

«Мемлекеттік сатып алу саласында  
 тізілімдерді калыптастырудың және  
 жүргізуіндегі қағидаларына  
 7-қосымша

нысан

### **Берешектің жоқ екендігі туралы анықтама**

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Банктің деректемелері \_\_\_\_\_

Банк (атауы) \_\_\_\_\_ жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық  
 Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі  
 және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына  
 сәйкес (осы Банкте қызмет көрсетілетін заңды тұлғаның толық атауын,  
 телефонын, мекенжайын көрсету керек) банк алдында анықтама берілген  
 айдың алдындағы үш айдан артық созылған мерзімі өткен берешегінің  
 жоқтығын растайды.

Күні \_\_\_\_\_ Колы \_\_\_\_\_ МО (болған жағдайда)»

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы « » №  
бұйрығына  
3-қосымша

«Мемлекеттік сатып алу саласында  
тізілімдерді қалыптастырудың және  
жүргізу дің кагидаларына  
8-қосымша

нысан

**Біліктілігі туралы мәліметтер**

(жұмыстарды білікті әлеуettі өнім берушілерді біліктілік іріктеуге катысу кезінде әлеуettі өнім беруші толықтырады)

1. Растаушы құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуettі өнім берушінің соңғы он бес жыл ішінде орындаған жұмыстарының (ұқсас, осындай) көлемі.

Жұмыстың атауы	Жұмысты орындау орны (объектінің орналасқан жері)	Тапсырыс берушінің атауы	Жұмысты аяқтау жылы, айы	Растаушы құжаттың атауы, күні және нөмірі	Шарттың құны, теңге

2. Әлеуettі өнім беруші жұмыстарды орындау үшін қажетті растаушы қағаз құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жабдықтың (тетіктердің, машиналардың) не ұқсас (қосымша) жабдықтың (тетіктердің, машиналардың) болуы туралы мәліметтерді көрсетеді.

№	Жабдықтардың (тетіктердің, машиналардың) атауы	Колда бар бірліктердің саны	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	Жеке меншік (меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілсін)	Растаушы құжаттың атауы, күні және нөмірі

3. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, еңбек ресурстары туралы мәліметтер.

№	Қызметкердің Т.А.Ә. (болған жағдайда) жеке куәлігінің электрондық көшірмесі қоса берілсін	Лауазымы	Азаматтығы	Білімі туралы құжат. бойынша біліктілігі (білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесін қоса беру)
1				
2				
...				»

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы « » №  
бұйрығына  
4-қосымша

«Мемлекеттік сатып алу саласында  
тізілімдерді қалыптастырудың және  
жүргізуіндегі қағидаларына  
9-қосымша

нысан

**Біліктілігі туралы мәліметтер**

(көрсетілетін қызметтерді білікті әлеуетті өнім берушілерді біліктілік іріктеуге катысу кезінде әлеуетті өнім беруші толықтырады)

1. Растаушы құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он бес жыл ішінде көрсеткен қызметтерінің (ұқсас, осындай) көлемі

Қызметтің атауы	Қызметті көрсеткен орны	Тапсырыс берушінің атауы	Қызметті көрсеткен жылы	Растаушы құжаттың атауы, күні және нөмірі	Шарттың құны, теңге

2. Әлеуетті өнім беруші қызметті көрсету үшін қажетті растаушы қағаз құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жабдықтың (материалдардың) не ұқсас (сол сияқты, қосымша) жабдықтың (материалдардың) болуы туралы мәліметтерді көрсетеді

№	Жабдықтың (материалдардың) атауы	Қолда бар бірліктердің саны (дана)	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	Жеке меншік (меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілсін)	Растаушы құжаттың атауы, күні және нөмірі

3. Әлеуетті өнім беруші растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтерді көрсету мақсатында қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсетеді.

р/с	Қызметкердің Т.А.Ә. (болған жағдайда) жеке куәлігінің электрондық көшірмесі қоса берілсін	Осы конкурста сатып алынатын қызметтерді көрсету саласындағы жұмыс өтілі	Білімі туралы дипломы, күәлігі және басқа да құжаттары. бойынша біліктілігі (мамандығы)	Мамандығы бойынша санаты, разряды сыныбы
				»

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2016 жылғы « » №  
 бұйрығына  
 5-қосымша

«Мемлекеттік сатып алу саласында  
 тізілімдерді қалыптастырудың және  
 жүргізуіндегі кагидаларына  
 10-қосымша

нысан

**Біліктілігі туралы мәліметтер**  
 (тауарларды білікті әлеуетті өнім берушілерді біліктілік іріктеуге қатысу кезінде әлеуетті өнім беруші толықтырады)

1. Растаушы құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он бес жыл ішінде жеткізген (өндірғен) тауарларының (үқсас, осындай) көлемі.

Тауардың атаяуы	Тапсырыс берушінің атаяуы	Тауарды жеткізген орны	Тауарды жеткізген күні	Растаушы құжаттың атаяуы, күні мен номірі	Шарттың күны, теңге
					»

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы « » №  
бұйрығына  
б-қосымша

«Мемлекеттік сатып алу саласында  
тізілімдерді қалыптастырудың және  
жүргізуіндегі кагидаларына  
11-қосымша

нысан

**Білікті әлеуетті өнім берушілерді іріктеу жөніндегі біліктілік комиссиясының құрамына жіберілетін кандидаттар  
туралы мәліметтер**

p/c №	Ұйымның атауы	Ұйымның БСН	Кандидаттың Т.А.Ә.	Лауазымы	Байланыс деректері (телефон)	Кандидаттың ЖСН
						»

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2016 жылғы « » №  
 бүйрекіне  
 7-қосымша

«Мемлекеттік сатып алу саласында  
 тізілімдерді қалыптастырудың және  
 жүргізуіндегі кагидаларына  
 12-қосымша

нысан

**Отінімдерді ашу хаттамасы (нөмірі, күні)**

Отінімді қабылдау мерзімі \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін

№	Т.А.Ә.	Үйимдегі лауазымы	Комиссиядагы рөлі

Біліктілік іріктеуге қатысуға отінімдерді мынадай әлеуетті өнім берушілер берді:

№	Өнім берушінің атаяу	БСН (ЖСН)/ СЖН/СЕН	Деректемелері	Конкурстық құжаттама алынған күн мен уақыт

Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін раставу үшін ол ұсынатын құжаттардың болуы (болмауы) туралы ақпарат:

№	Өнім берушінің атаяу	БСН (ЖСН)/ СЖН/СЕН	Құжаттың атаяу	Болу белгісі	»

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2016 жылғы « » №  
 бүйрекіне  
 8-қосымша

«Мемлекеттік сатып алу саласында  
 тізілмдерді қалыптастырудың және  
 жүргізуіндік қағидаларына  
 13-қосымша

нысан

**Біліктілік іріктеу хаттамасы (нөмірі, күні)**

Отінімді қабылдау мерзімі \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін

Комиссияның құрамы:

№	Т.А.Ә.	Ұйымдағы лауазымы	Комиссиядағы рөлі

Отінімдер туралы акпарат:

№	Онім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Деректемелері	Отінімді ұсыну күні мен уақыты	Тиісті қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер		
					Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы	Уақытша кезеңі (тауарды жеткізген күні, қызметті көрсеткен жылы және айы, жұмысты аяқтау жылы, айы)	Шарттың сомасы

Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы (әлеуетті өнім берушілер тізбесі)	БСН (ЖСН)/ СЖН/СЕН	Т.А.Ә. лауазымы, комиссиядағы рөлі	Комиссия мүшесінің шешімі	Біліктілік талаптарына сәйкес келмеу себебі	Бас тарту себептеріне негіздеме	Әлеуетті өнім берішінің өтінімінде біліктілік талаптарына сәйкес келтіру үшін қажетті құжаттар тізбесі

Қабылданбаған өтінімдер:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Ауытқу себебі

Тиісті біліктілік талаптарына сәйкес келетін өтінімдер:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ СЖН/СЕН

Комиссия өтінімдерді қарau нәтижелері бойынша ШЕШІТІ:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ СЖН/СЕН	Деректемелері	Комиссияның шешімі	Тиісті қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер		
					Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы	Уақытша кезеңі (тауарды жеткізген күні, қызметті көрсеткен жылы және айы, жұмысты аяқтау жылы, айы)	Шарттың сомасы

кестенің жалғасы

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес берілген ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің стандарттарына сәйкестікі растайтын құжаттар туралы мәліметтер			
ұлттық немесе үкіметтік емес стандарттарына еркіті түрде ұсынылатын тауарлар туралы	сапа менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігі	экологиялық менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігі	ұсынылған тауарлардың экологиялық таза өнім стандарттарына сәйкестігі

»